

ОҚМУ жастары

Абай мұрасын дәріндеуде



Мемлекеттің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егemen Қазақстан» газетіндегі «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы жарық көргелі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұжымы президента мақаласына ерекше дең қоюда. Университетіміздің басшысы, тарих ғылымдарының докторы, академик Дария Пернешқызы Қожамжарова жас буынның Абай әлеміне бойлауына аса мән беруде.

Айталық былтырғы жылдың 29 қарашасында университет басшылығының қолдауымен ашылған «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы ұлы Абайдың жүргегіне терең бойлап, ғылыми әлемін жас үрпақтың бойына сініру жолында көптеген жұмыстар жүргізуде. Сонымен қатар біздің окуорнымызда «Абайтану», «Мұхтартану» сабактары саналы буынның рухани санасының кемелдену

жолында өз ықпалын тигізуде. Бұл сөз жоқ, ұстаз-басшымыз Дария Пернешқызының «Толық адам» ілімі жастардың бойына қалыптасуы үшін жасап жатқан иғістерінің нәтижесі.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің мақаласында: «Абай туындыларының мазмұны жалпыгадам-заттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – өлем халықтарының ортақ қазынасы», -деген еді. Осы орайда «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызыметкери, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушығалым Аюкол Қалшабектің ғылыми жетекшілік етуімен, исламтанушы Абдулла қажы Жолдастың көмегімен Абайтанудың 100 жылдық тарихында, қазақ әдебиетінде тұнғыш рет ұлы Абайдың бүгінге дейін 38-қара сөз аталаған кепген «Китаб тасдиқ» туындысының транскрипциясын жасап шықтық.

Транскрипция Алматыдағы М.Әуезов үйінің тылымы корындағы қолжазбага сүйеніп жасалды.

Бұл жаңалыққа XXI ғасырдағы Абайтану ғылымының көшбасшысы профессор Мекемтас Мырзахметұлы жоғары бағасын берді. Транскрипция жасау барысында Абайдың атаптасы шығармасы бүкіл түркі халқына ортақ шағатай тілінде жазылғандығы дәлелденді. Осыған орай Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің мақаласында 38-қара сөзге ерекше тоқталғандығы бізді қатты қуандырып отыр. Бұл жұмыс жарыққа шықкан соң бір тұған қырғыз бауырлардың өзі ыстық лебіздерін жазып, алғыстарын білдіре отырып, Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойына өз үлестерін қосуға ынталы екендіктерін жеткізуде.

2019 жылдың желтоқсанында КР Президентінің көмекшісі Аида Балаева Шымкент шаһарына іс-сапармен кепген болатын. Зиялы қауым мен қогамдық кенес мүшелерімен өткен кездесуде

Дария Пернешқызы ұлы ақынның мерейтойына орай ашқан жаңалығымызды Аида Фалымқызына баяндай отырып,

транскрипция мен қолжазбаны Президент көмекшісіне тарту етті.

Міне, бұл жаңалық еліміздегі іргелі оқу ордасының басшысы Дария Пернешқызының, профессор-оқытушылар құрамының, жас магистр-докторанттардың, жалпы студент жастардың ең үлкен ғылыми жетістігі!

**Әзімхан ИСАБЕК,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ
магистранты.**